

Инвестициялық тариф бойынша электр энергиясын сатып алуды жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы тұтынушыларының тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 24 қазандағы № 895 қаулысы.

"Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған инвестициялық тариф бойынша электр энергиясын сатып алуды жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы тұтынушыларының тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 24 қазандағы
№ 895 қаулысымен
бекітілген

Инвестициялық тариф бойынша электр энергиясын сатып алуды жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы тұтынушыларының тізбесі

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.02.2026 № 124 қаулысымен.

Р/с №	Инвестициялық тарифті алушы, ұйымның бизнес сәйкестендіру нөмірі	Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрі (өнім)	Инвестициялық тарифті алушының тұтыну объектісі	Тұтынушы желілеріне қосылған энергия өндіруші ұйым (объект)	Инвестициялық міндеттемелердің көлемі (теңге)	Инвестициялық тарифті беру мерзімі (ай)
1	2	3	4	5	6	7
1	" EkibastuzFerro Alloys" жауапкершілігі шектеулі	24100 – шойын, болат және феррокорытпа өндірісі	Екібастұз қаласындағы феррокорытпа зауыты	"Болат Нұржанов атындағы Екібастұз 1-МАЭС" жауапкершілігі	145033102333,08	76
1	серіктестігі, 2104400041282			шектеулі серіктестігі, ашық тарату құрылғысы 220 киловольт		

2	"Kazferro Limited" жеке компаниясы, 230240900388	24100 – шойын, болат және феррокорытпа өндірісі	Екібастұз қаласындағы феррокорытпа зауыты	"Болат Нұржанов атындағы Екібастұз 1-МАЭС" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, тарату құрылғысы35 киловольт	34 161 477 386,23	53,75
---	--	---	---	---	-------------------	-------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК